

НҰРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№44 (3309), сенбі,
31 май, 2025 жыл

“ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ИТАЛИЯ” ФОРМАТЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ АТАП ӨТІЛДІ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 30 май күні іс жүзіндік сапармен Қазақстанға барды.



Астана халықаралық әуежайында мемлекетіміз басшысын Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов және басқа да ресми тұлғалар қарсы алды.

Мемлекетіміз басшысы сол күні Астана қаласында “Орталық Азия — Италия” саммитіне қатысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткізілген шараға Италия Республикасының Премьер-министрі Джоржия Мелони, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон және Түркіменстан Президенті Сердар Бердимухамедов те қатысты.

Кездесуде Орталық Азия елдері мен Италия арасындағы көпжақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері қаралды. Атап айтқанда, инвестиция және технологиялар, “жасыл” экономика салаларындағы серіктестікті кеңейтуге, білім беру мен мәдени бағдарламаларды іске асыруға ерекше көңіл бөлінді.

Президентіміз өз сөзінің басында бұл шара биылғы апрель айында Самарқандта өткен саммитте Орталық Азия мен Еуропа арасында кол жеткізілген стратегиялық серіктестік туралы келісімдердің қисынды жалғасы екенін атап өтті.

Бұл формат аясында, ең алдымен, елдеріміздің технологиялық, өндірістік және интел-

лектуалдық әлеуетін ескере отырып, тиімді практикалық ынтымақтастықты дамытуға ұмтылыс бар екені айтылды.

Бүгінгі жаһандық және аймақтық саясаттағы тенденцияларды, қауіпсіздік пен даму тұрғысындағы ортақ қатерлердің артуын ескере отырып, Италиямен көпжақты диалогқа деген қажеттілік те артып келе жатқаны айтылды.

Сонымен қатар аймақтың Италиямен көпсалалық сауда және мәдени байланыстары жана деңгейдегі кең ауқымды серіктестікке берік іргетас міндетін атқаруда.

Күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталып, Өзбекстан басшысы “Орталық Азия — Италия” форматындағы ынтымақтастықтың ба-

сым бағыттары бойынша өз көзқарасын білдірді.

Ең алдымен, бірқатар өзекті халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдарды үйлестіру үшін сыртқы істер министрліктері деңгейінде тұрақты диалогтарды жалғастырудың маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар терроризм, экстремизм, радикализм, есірткі саудасы және заңсыз көші-қонға қарсы күресте көпжақты серіктестік пен арнайы қызметтер арасындағы ақпарат алмасу механизмдерін жолға қою ұсынылды.

Экономикалық салада мемлекетіміз басшысы соңғы жылдары Өзбекстан мен Италия арасындағы тауар айналымы мен инвестициялар көлемі үш есе артқанын ризашылықпен атап өтті. Италияның жетекші компанияларымен технологиялық ынтымақтастық жобалары сәтті жүзеге асырылуда.

Италия кәсіпкерлерінің инновациялық даму саласындағы дәстүрлі күшті беделін ескере отырып, елдеріміздің сауда-өнеркәсіп палаталарының басшылығымен бизнес диалогы үшін тұрақты алаң — “Орталық Азия — Италия” іскерлер клубын құру ұсынылды. Мұндай кәсіпкерлер қатысатын кездесулер жыл сайын аймақ елдерінің және Италияның астаналарында өтеді.

Өзбекстан Президенті технологиялар трансфері, озық білім мен тәжірибелерді енгізу, жоғары технологиялы өндірістерді ұйымдастыру үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған көпжақты өнеркәсіптік және технологиялық ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеу мен қабылдаудың маңыздылығын атап өтті.

Қолда бар табысты тәжірибені ескере отырып, минералдық ресурстар мен ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу; электр техникасы, химия, тоқыма, былғары, азық-түлік және басқа да қайта өңдеу салалары үшін заманауи жабдықтар өндіру; қосалқы бөлшектер мен өнеркәсіптік өнімдерді жергіліктендіру; Италияның жетекші брендтерінің қатысуымен дизайн орталықтарын құру ынтымақтастықтың басым бағыттары бола алатыны атап өтілді. Мемлекетіміз басшысы Ташкент облысында аймақтық маңызы бар жобаларды жүзеге асыру үшін Еуропа операторы басқаруында арнайы өнеркәсіптік парк құрылып жатқанын хабарлады.

Сонымен қатар Италияның “SACE” және “SIMEST” мемлекеттік агенттіктері мен бірлескен инвестициялық қорларды ынтымақтастық жобаларын қолдауға тарту маңызды екені атап өтілді.

“Жасыл” трансформация саласында Италиямен тиімді ынтымақтастықты жоғары бағалап, Өзбекстан басшысы көмірқышқыл шығарындыларын азайту бойынша ұлттық бағдарламаларды іске асыруға көмектесетін көпжақты платформаны құру арқылы кең ауқымды серіктестікті дамытуға шақырды.

Жанартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды, соның ішінде Еуропа Одағы елдеріне “жасыл” энергия жеткізу, Италияның жетекші өндірушілері мен инженерлік компанияларын тарта отырып, кәсіпорындарға аудит жүргізу және энергия тиімділігін арттыру, су инфрақұрылымы нысандарын жаңғырту және сүтегі технологияларын дамыту жөніндегі жобаларды жүзеге асыруға дайындық білдірілді.

Ташкенттегі Турин политехникалық университеті мен Пиза университетінің филиалдары тиімді жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтіп, мемлекетіміз басшысы Италияның басқа да жетекші жоғары оқу орындарының аймаққа деген қызығушылығы артып келе жатқанын ризашылықпен жеткізді.

Өзбекстан Президенті инженерлік, дизайн, су үнемдеу және биотехнологиялар сынды салаларда ғылыми зерттеулер, академиялық алмасу және кадр даярлау бағдарламаларын жүзеге асыру мен қаржыландыру үшін “Орталық Азия — Италия” ғылыми-білім консорциумын құру туралы бастама көтерді.

Ірі туроператорлар арасында серіктестік орнатып, бірлескен туристік өнімдер жасау мақсатында туризм альянсын құруға қызығушылық білдірілді.

Италия жұртшылығы Рим мен Флоренцияда өткен көрмелер мен мәдени шараларға үлкен мүдделілік танытқанын ризашылықпен айтылды.

Осыған байланысты келесі жылы Хиуа қаласында аймақ елдері мен Италия жастарының креативті экономика және мәдени алмасу форумын өткізу ұсынылды.

Саммитте Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары мен Италия Премьер-министрі де сөз сөйледі. Шара соңында Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

Сонымен Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың іс жүзіндік сапары аяқталды.

ӨЗА

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ “ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ИТАЛИЯ” САММИТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Күрметті делегация басшылары! Саммитті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны және дәстүрлі қонақжайлылығы үшін Қазақстан Республикасының Президенті, күрметті Қасым-Жомарт Кемелович Тоқаев атына айтылған ризашылық сөздерге мен де қосыламын.

Италия Министрлер Кеңесінің Төрайымы, күрметті Джоржия Мелони ханымға бүгінгі кездесуді ұйымдастыру бастамасы үшін тағы да алғысымды білдіремін.

Біз бұл жиынды жуырда Самарқанд қаласында өткен саммитте Орталық Азия аймағының Еуропамен стратегиялық серіктестік жөнінде қол жеткізілген келісімдердің нәтижесі деп есептейтінімізді атап өткім келеді.

Өзбекстан тарапы осы форматтағы тиімді әрі іс жүзіндік ынтымақтастықты, ең алдымен, елдеріміздің технологиялық, өнеркәсіптік және интеллектуалдық әлеуетін ескере отырып дамытуға нық бел буған.

Күрметті саммит қатысушылары! Кездесуіміз үшін ұсынылған күн тәртібін толық қолдаймын.

Қазіргі жаһандық және аймақтық саяси жағдайларда, қауіпсіздік пен даму мәселелеріне ортақ қатерлер артып отырған бір кезеңде, Италиямен көпжақты диалог алаңын іске қосу аса маңызды деп санаймын.

Сондай-ақ елдеріміз арасындағы көпсалалық сауда және мәдени байланыстар тарихын ерекше атап өткім келеді. Алғашқы дипломатиялық байланыстар Кушандар патшалығы мен император Август билік жүргізген кезеңге тура келеді. Мыңдаған жылдар бұрын шежірешілер, ақындар мен ойшылдар қалаларымыздың жоғары деңгейдегі өркениеттік даму жетістіктерін сипаттап жазған.

Тағы бір тарихи дәлел — XII ғасырдан бастап италиялық ғалымдар Мұхаммад Хоразмидің, Ахмад Ферғанидің, Әбу Әли ибн Синаның құнды еңбектерін зерттеп, аударған. Аймағымыздан шыққан Әбу Наср Фараби, Әбу Райхан Беруни, Абду-

рахмон Жами, Мақтымқұлы Фирағи және басқа да атақты ойшылдардың сирек қолжазбалары Италия кітапханаларында сақтаулы.

Мұндай бай тарихи байланыстарымыз қазіргі жана кезеңдегі ауқымды серіктестікке мызғымас негіз болып қызмет етуде.

Күрметті әріптестер! “Орталық Азия — Италия” форматындағы ынтымақтастықтың басым бағыттары туралы көзқарастарымызды қысқаша баяндап өткім келеді.

Саяси салада сыртқы саясат кеңселері деңгейінде тұрақты диалогты жалғастыруды қолдаймыз. Халықаралық күн тәртібіндегі кейбір өзекті мәселелер өзара келісілген ұстанымдарды талап етеді.

Италия Премьер-министрі, күрметті Мелони ханымның Украина төңірегіндегі жағдайды бейбіт жолмен шешу үшін тікелей келіссөздерді тез арада бастауға бағытталған белсенді дипломатиялық әрекеттерін құптаймыз.

Сіздің Таяу Шығыс проблемасы және Ауғанстанмен ынтымақтастық болашақтарына қатысты көзқарастарыңыз үшін ризашылық білдіремін.

Кеше Самарқандта біз бұл күрделі мәселелерді жан-жақты талқылап, ұстанымдарымыздың ұқсас екенін атап өттік. Терроризмге, экстремизмге, радикализмге, есірткі трафиğine және заңсыз миграцияға қарсы күресте көпжақты форматтағы бейбіт жолмен шешу үшін тікелей келіссөздерді тез арада бастауға бағытталған белсенді дипломатиялық әрекеттерін құптаймыз.

Экономика саласында соңғы жылдары Өзбекстан мен Италия арасындағы өзара сауда айналымы мен инвестиция көлемі шамамен үш есе артқанын атап өткім келеді.

Италияның жетекші компанияларымен бірлескен технологиялық кооперация жобалары сәтті жүзеге асырылуда.

Италияның іскерлік қоғамдастығының

елді инновациялық дамудағы дәстүрлі мықты ұстанымын ескере отырып, сауда-өнеркәсіп палаталарымыздың басшылығымен бизнес-диалог үшін тұрақты алаң — “Орталық Азия — Италия” іскерлер клубын құруды ұсынамын. Кәсіпкерлердің кең қатысуымен өтетін мұндай кездесулер жыл сайын елдеріміздің астаналарында өткізіліп, сауда және инвестиция саласындағы ынтымақтастыққа жана мүмкіндіктер ашуы мүмкін.

Сондай-ақ біз көпжақты Өнеркәсіптік және технологиялық кооперациялық бағдарламаны әзірлеу және қабылдау маңызды деп санаймыз. Бұл ретте сөз технология трансфері, озық білім мен үздік тәжірибелерді енгізу, жоғары технологиялық өнеркәсіп кәсіпорындарын құруға қолайлы жағдайлар жасау туралы болып отыр.

Қолда бар табысты тәжірибені ескере отырып, минералдық ресурстар мен ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу, электр техникасы, химия, тоқыма, былғары азық-түлік және басқа да қайта өңдеу салаларына арналған заманауи жабдықтар өндіру, қосалқы бөлшектер мен өнеркәсіптік өнімдерді жергіліктендіру, Италияның жетекші брендтерімен бірлескен дизайн орталықтарын құру кооперацияның маңызды бағыттарына айналуы мүмкін.

Аймақтық маңызы бар жобаларды жүзеге асыру үшін Ташкент аумағында Еуропа операторы басқаруындағы арнайы өнеркәсіптік паркті құруға кірістік.

Кооперациялық жобаларды қолдау үшін Италияның “SACE” және “SIMEST” мемлекеттік агенттіктерін, сондай-ақ бірлескен инвестициялық қорларды тарту қажет деп санаймыз.

Біз Италия үкіметімен “жасыл” трансформация саласындағы тиімді ынтымақтастықты жоғары бағалаймыз. Зиянды газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған ұлттық бағдарламаларды жүзеге асыруда көмек көрсету мақсатында көпжақты платформаларды іске қосу ар-

қылы ауқымды серіктестікті дамытуға үміттенеміз.

Италияның жетекші өндірістік және инженерлік компанияларын тарту арқылы қайта жаңғыртылатын энергетика, соның ішінде Еуропа Одағы елдеріне “жасыл” энергия жеткізу, кәсіпорындарға аудит жүргізу және энергия тиімділігін арттыру, су инфрақұрылымы нысандарын жаңғырту, сүтегі технологияларын дамыту жобаларын іске асыруға дайынбыз.

Гуманитарлық саладағы ынтымақтастық туралы сөз болғанда, білім беру бағдарламаларын қарқынды кеңейтіп келе жатқан Турин политехникалық университеті мен Пиза университетінің Ташкенттегі филиалдары табысты жұмыс істеп жатқанын атап өткім келеді. Италияның басқа да жетекші жоғары оқу орындарының аймағымызға деген қызығушылығын артып келе жатқанын құптаймыз.

Инженерлік, дизайн, су үнемдеу және биологиялық технологиялар сияқты бағыттарда ғылыми әзірлемелер жасау және қаржыландыру, академиялық алмасу және кадрлар даярлау бағдарламалары үшін “Орталық Азия — Италия” ғылыми-білім беру консорциумын құру бастамасын ұсынамыз.

Жетекші операторлар арасында серіктестік орнату және бірлескен туристік өнімдер жасау мақсатында туризм альянсын іске қосуға мүдделіміз.

Жуырда Рим мен Флоренция қалаларында өткен көрме және мәдени іс-шаралар италиялық достарымыздың үлкен қызығушылығын тудырғанын атап өткен жөн.

Осыған байланысты келесі жылы Хиуада аймақ елдері мен Италия жастарының Креативтік экономика және мәдени алмасу форумын өткізуді ұсынамын.

Күрметті делегация басшылары!

Сөзімді қорытындылай келе, Өзбекстан “Орталық Азия — Италия” форматындағы өзара мүдделі және көпжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға бейілді екенін тағы бір рет растаймын.

Өзбекстан Республикасы Президентінің ҚАУЛЫСЫ

ҚАСИЕТТІ ҚҰРБАН АЙТЫН АТАП ӨТУ ТУРАЛЫ

Халқымызға тән мейірімділік, адамгершілік, шүкіршілік, жомарттық және бауырмалдық сияқты ізгі қасиеттердің көрінісі болған, ғасырлар бойы рухани өмірімізде маңызды орын алып келе жатқан қасиетті Құрбан айттың маңызы Жаңа Өзбекстанда әлеуметтік мемлекет құру үдерісі шешуші кезеңге қадам басқан кәзіргі жағдайда бұрынғыдан да артып отырғанын ескере отырып, осы құтты мерекені жан-жақты жоғары деңгейде қарсы алу және өткізу, сондай-ақ ұлттық-діни құндылықтарымызды сақтау мен ұлықтау мақсатында **қаулы етемін:**

1. 2025 жылы қасиетті Құрбан айттың бірінші күні **6 июнь — жұма** күніне тура келуі туралы Өзбекстан мұсылмандары кеңсесінің ақпараты мәлімет үшін алынып, елімізде **6 июнь** Құрбан айт мерекесі ретінде кең көлемде атап өтілсін.

2. Халықтың Құрбан айт мерекесін лайықты атап өтуі үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында, 2025 жылғы **7 июнь (сенбі)** күні алты күндік жұмыс аптасы тәртібі бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер үшін қосымша демалыс күні ретінде белгіленсін.

3. Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі, облыстар мен Ташкент қаласы әкімдіктері Дін істері бойынша комитет, Өзбекстан махаллалары бірлестігі, Әлеуметтік қорғау ұлттық агенттігі және басқа да серіктес ұйымдармен бірге аумақтарда Құрбан айттың халқымыздың **ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына сай** өткізу бойынша тиісті іс-шараларды жүзеге асырсын.

4. Туризм комитеті Транспорт министрлігімен бірге отандастарымыз үшін Құрбан айт күндері **қасиетті зиярат орындары мен тарихи мекенжайларға зияраттарды ұйымдастыру** мақсатында қолайлы жағдай мен мүмкіндіктер жаса-сын.

5. Өзбекстан Ұлттық телерадиокомпаниясы, Өзбекстан Ұлттық ақпарат агенттігі және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына Құрбан айтты атап өтуге байланысты шараларды кенінен жариялау ұсынылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау міндеті Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі А.Н.Арипов пен Өзбекстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Р.Қ.Давлетовке жүктелсін.

Өзбекстан Республикасы
Президенті

Ш.МИРЗИЯЕВ

Ташкент қаласы,
2025 жылғы 30 май

Маңызды кездесу

ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚҰРУ ЖОЛЫНДА

Бүгінде елімізде: “Халық — қымбат, ар-намыс — биік” деген ұстанымға негізделген мемлекеттік саясаттың ең өзекті бағыттарының бірі — жергілікті деңгейде, әсіресе әрбір махаллада қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, тұрғындардың қауіпсіздігін нығайту. Осы орайда мемлекеттік құрылымдар мен құқық қорғау органдарының өзара ықпалдастығы, “Махалла жетілігі” сынды тәжірибелер еліміз болашағына тікелей әсер ететін шешуші механизмге айналуда.

Осыған дәлел ретінде жуырда Ташкент облысының Бөке ауданында маңызды кездесудің өткенін ерекше атап өтуге болады. Өзбекстан Республикасы Бас прокурорының бірінші орынбасары Б.Валиев, Ташкент облысының прокуроры А.Мирзаев, облыстық ішкі істер басқармасының басшысы Т.Арипов, Бөке ауданының әкімі Б.Бегматов, аудан әкімінің орынбасарлары мен мекеме-үйім басшылары, сондай-ақ аудандағы 44 махалланың “Махалла жетілігі” өкілдері бас қосқан кездесу — еліміз ішіндегі тыныштық пен тұрақтылықты нығайтудың келелі баспалдағы болды.

Дөңгелек үстел сұхбаты

форматындағы кездесу аясында бірқатар маңызды мәселелер талқыланды. Әсіресе, Өзбекстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 3 январьдағы “2025 жылы республиканың барлық махаллаларында қауіпсіз орта құру және құқықбұзушылықтардың алдын алу жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар туралы” қаулысының мазмұны мен оның басты міндеттері кеңінен түсіндірілді.

Қатысушыларға құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған әлеуметтік-профилактикалық жүйе арқылы туындап жатқан әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешудің маңыздылығы айты-



лып, бейбіт өмір мен қоғамдық қауіпсіздік — баршаға ортақ жауапкершілік екендігі айтылды. Сондай-ақ тұрғындардың бойында жеке қауіпсіздік сезімін қалыптастыру, отбасылық тұрақтылық пен көршілестік татулықты нығайту сынды бағыттарға баса назар аударылды.

Кездесу барысында тағы бір өзекті мәселеге — жауапкершілік пен адалдыққа ерекше мән берілді. Қаулыда көрсетілген тапсырмаларды орындауда салғырттық танытқан, өз міндетіне немқұрайды қараған қызметкерлерге тиісті шаралар қарастырылатыны қатан ескертілді. Керісінше, өз махалласында қауіпсіз орта қалыптастыруға белсене атсалысқан, тұрғындармен етене

жұмыс істеп жүрген тұлғалар марапатталып, олардың еңбегі мемлекет тарапынан бағаланатыны атап өтілді.

Махалла — мемлекеттің іргетасы, қоғамның айнасы. Егер әрбір махаллада бейбітшілік пен қауіпсіздік орныкса — елдің де еңсесі биік, болашағы жарқын болмақ. Сондықтан да мұндай кездесулер тек формалды шара емес, нағыз ел ішіндегі тыныштықты қамтамасыз ететін, әрбір тұрғынның өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған нақты қадам. Ен бастысы, бұл бастамалардың барлығы адам мүддесі үшін, әділет пен адалдық жолында атқарылып жатқаны — көңіл қуантады.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Болашаққа жол ашқан бастама

ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ

Бүгінде елімізде жас ұрпақты жан-жақты қолдау, олардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту — мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі саналады. Президент басшылығымен еліміздің барлық аумақтарында балалар мен жастардың заманауи білім алып, кәсіптік машықтарын жетілдіруіне кең жол ашатын “Баркамол авлод”, “Жаңа Өзбекстан” секілді ірі бастамалар табысты жүзеге асырылуда. Осы арқылы білім беру жүйесі жаңарып, мектептерде ғылым мен өнерді ұштастыратын үйірмелер мен орталықтар құрылып, мыңдаған жас жеткіншек өз арманына қарай сенімді қадам жасауда.

Осы игі бастамалардың жарқын көрінісі ретінде жуырда Ташкент облысы Аққорған ауданындағы №39 жалпы орта білім беретін мектепте “Есен” атты мазмұнды және әсерлі шара ұйымдастырылды. Бұл мектеп “Баркамол авлод” балалар мектебі жанынан ашылған тізбекті үйірмелердің белсенді орталығы ретінде танымал.

Шарада “Отбасылық медбике”, “Тоқу өнері”, “Жұмсақ ойыншықтар жасау” және “Менталды арифметика” үйірмелерінің бір жыл бойы білім алған тәрбиеленушілері өз жұмыстарын, шеберліктерін көпшілікке таныстырды. Әр оқушы өз қолымен жасаған бұйымдарын, меңгерген дағдыларын үлкен мақтанышпен көрсетті.

Шара барысында сұрақ-жауаптар арқылы оқушылар өз білімдерін ортаға салып, сахна төрінде би билеп, ән айтып, кеш қонақтарына көтеріңкі көңіл күй

сыйлады. Бұл көріністер жас өрендердің жан-жақты дамып келе жатқанын дәлелдегендей болды.

Шара соңында мектеп директоры Комил Жумакулов оқушыларды қолдап, жан-жақты жағдай жасағаны үшін мектеп ұжымы тарапынан алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар белсене қатысқан оқушыларға мақтау қағаздары мен естелік сыйлықтар табысталды.

Бұл есептік шара — жас буынның бір жыл ішінде алған білім мен өнерінің қорытындысы ғана емес, сонымен қатар елімізде білім беру саласында жүріп жатқан ауқымды реформалар мен жүйелі жұмыстардың жемісі. Еліміздің ертеңі — балалардың бүгінгі білімі мен тәрбиесіне тікелей байланысты екенін ескерсек, мұндай шаралар — болашаққа жол ашатын берік көпір десек, артық айтқандық емес.

Бүгінде балалар мен жастарға бағыт-

талған әрбір игі бастама елдің келешегіне жасалған аса құнды инвестиция. Аққорғандағы өткен бұл есептік шара жай ғана үйірме мүшелерінің бір жылдық еңбегінің көрмесі емес, ол тәуелсіз елдің ертеңін тәрбиелеу жолындағы табанды еңбек пен жарқын мақсаттардың көрінісі. Әр оқушының қолынан шыққан бұйым, айтылған ой, орындалған би — болашақтың іргетасын қалап жатқанын көрсетеді.

Мұндай шаралар — балалардың бойындағы талант пен қабілетті оятып қана қоймай, оларды еңбексүйгіштікке, мақсатшылдыққа, өнер мен білімге құштарлықпен қарауға баулиды. Бұл — тек бір мектептің ғана емес, бүкіл қоғамның даму деңгейінің көрінісі.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды реформалар, әсіресе білім мен тәрбиеге қатысты қолға алынған тың жобалар — мыңдаған баланың арманына жол ашып отыр. “Баркамол авлод” сынды бастамалар — жас ұрпақтың санасын жаңғыртатын, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, шығармашылықпен ойлауға мүмкіндік беретін қуатты платформаға айналды.

Сондықтан мұндай іс-шараларды еліміздің әр түркірінде жиі өткізіп, қоғам назарына ұсынып отыру — бізге ортақ міндет. Өйткені бір баланың арманы жүзеге асқан сайын — бір ұлттың болашағы жарқырай түседі.

Білімге негізделген қоғам — мықты мемлекеттің көпірі. Ал бүгінгі жас — ертенгі көшбасшы. Ендеше, ұрпақ тәрбиесіне салынған әрбір күш — елдің келешегіне апарар берік көпір екенін ұмытпайық.

Үсенбай БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Әдеби шара

АҚЫНЫН АРДАҚТАҒАН АУЫЛДАСТАР

Науаи облысының Кенимех ауданындағы әдебиетсүйгіш қауым үшін есте қаларлықтай оқиға саналған Наурызбай Жарбосынұлының “Поэзия пырағы” атты әдеби мерейтойлық шарасы Балалар музыка және өнер мектебінде дүркіреп өтті.

Биыл 90 жылдары киелі Қызылқұмда өз өлеңдерімен таныла бастаған ақынның шығармашылығына 40 жыл толды. Аталмыш уақыт ішінде өз лирикалық шығармаларында туған жер, өскен өлкенің құдіреті мен киесі дәріптелген шығармалар жергілікті қазақ тілді “Кенимех таны”, “Тамды шаруагері”, “Үшқұдық” басылымдарында, республикалық “Нұрлы жол” газетінде жарияланып, қалың оқырманға жол тартқан болатын.



Наурызбай Жарбосынұлы Қожахметов — Сұлтанбек Мекембай Қожанов, І.Жансүгіров және Н.Төреқұлов, сондай-ақ Абылай хан атындағы сыйлықтардың иегері, халықаралық мүшәйралардың бірнеше дүркін жүлдегері.

Ол 1970 жылы Өзбекстан Республикасының Науаи облысы Кенимех ауданы Қызылқұдық ауылында дүниеге келген. 1977-1987 жылдары ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы №4 орта мектепте білім алған. 1987-1988 жылдары Ташкент қаласындағы бір жылдық училищеде оқып, кинематограф мамандығын иелейді. 1988-1990 жылдары әскер қатарында қызмет өтеді. Наурызбай Жарбосынұлы 1991-1997 жылдары Алматыдағы ҚазМҰУ-дың журналистика факультетін бітірген.

Наурызбай 1991 жылдың бастап Қызылқұдық ауылындағы №4 мектепке қазақ тілі мұғалімі болып жұмысқа қабылданды. Оның туындылары аудандық, республикалық газеттерде жарияланып жүр. Сондай-ақ Қазақстан басылымдары — “Егемен Қазақстан”, “Қазақ үні”, “Астана ақшамы”, “Атамекен”, “Арқа ақшамы” газеттері мен “Алтын бесік”, “Асыл мұра”, “Туған тіл” журналдарында жарық көрді. “Алтын алқа”, “Қоштаксым келмейді” (Алматы), “Дала жыры”, “Өзбекстан қазақ ақындары антологиясы” т.б.жыр топтамаларына оның өлеңдері енгізілген. Ақынның 2020 жылы “Дала ұлымын”, 2021 жылы “Жоғалған

төсбелгісіне ие болды.

Белгілі қаламгер Мекембай Омарұлының Наурызбайдың кітабына жазған алғысөзінде “Поэзия пырағы” деп бекерге атамаған, себебі ақын Өзбекстан мен Қазақстанға атағы кең тарқалып, халықаралық мүшәйраларда топ жарып, жүлделі орындарды иелеп келеді. Ол 1999 жылы ол Астана қаласында өткен шетел қазақтарының “Армысын, Атамекен!” атты мүшәйрасының лауреаты атанды. 2002 жылы Түркістандағы ІІ Дүниежүзі Қазақтары құрылтайы аясында өткізілген мүшәйрада жүлделі 2-орынды иелеген. 2007 жылы Алматыда Қауымдастықтың 15 жылдығына орай ұйымдастырылған жыр мүшәйрасында 2-орын жүлдегері болды.

2013 жылдың 24 августында Ташкенттегі Қазақстан — Өзбекстан арасындағы достық келісімінің 15 жылдығына орай ұйымдастырылған республикалық мүшәйрада 1-орынды, 2013 жылы Алматыда өткен Халықаралық өнер фестивалі мүшәйрасында 1-орын жүлдегері атанды.

2015 жылғы 10 июньде Ташкентте ұйымдастырылған ұлы Абайдың 170 жылдығына байланысты жыр мүшайрасында жүлделі 1-орынға ие болды.

2018 жыл жылы Астана қаласында “Қасиетті қазақ елі” атты халықаралық өнер фестиваліндегі жыр мүшәйрасында “Сұлтанбек Қожанов” атындағы жүлдені иеледі.

Сондай-ақ ол осы 2020 жылы “Сары көбелек сағыныш” атты

халықаралық мүшәйрада жүлделі 3-орынға ие болды. 2021 жылы Астанадағы Абайдың 175 жылдығына арналған халықаралық мүшәйрада 1-орынды иелеп, І.Жансүгіров атындағы сыйлықты иеледі. Сол жылы (2021ж.) ол даңқты Базар жыраудың 180 жылдығына орай Тамды елінде өткен облыстық ақындар мүшәйрасында бас жүлде иегері атанды. Н.Жарбосынұлы 2022 жылы Алматы қаласында Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған халықаралық мүшәйра жүлдегері болды. Ақын Наурызбай Жарбосынұлы 2022 жылы декабрь айында Өзбекстан Жазушылар Одағы мүшелігіне қабылданды. Наурызбай 2023 жылы Алматыда Мақжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай өткізілген “Тұран тұлғасы” атты халықаралық мүшәйрада Нәзір Төреқұлов атындағы жүлдені жеңіп алды. Ол бытырғы Астана қаласында өткен (2024 жылы) “Алтын Орданың атасы — Жошы хан” атты халықаралық ақындар мүшәйрасында “Абылай хан” атындағы жүлдені иеледі.

Дарынды ақын, білікті журналист, ұлағатты ұстаз Наурызбай Жарбосынұлы бүгінде өзі туған Қызылқұдық ауылындағы мектепте тарих пәнінің мұғалімі.

Кенимех аудандық Руханият және ағарту бөлімінің бастамасымен №1 мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Гүлшат Әбдірахманованың ұйымдастыруымен өткен шарда кенимехтың зиялы қауым өкілдері қатысты. Әдеби-сазды көшті Науаи облыстық Жазушылар одағының төрағасы Б.Садриддинов пен Науаи облыстық Қазақ ұлттық орталығының төрағасы С.Жаңахметов ашты. Сондай-ақ шараға кенимехтық ақындар Т.Сәрсенбаев, Ж.Мырзамұратов және ақсақалдар, махалла белсенділері, жастар қатысты. Ақынмен кездесу бір-бірінен жағымды әсерлерге бай, қызықты, шынайы сұхбат пен өлең оқу кешіне айналып, шара барлығына қуаныш сыйлады.

Ақынның “Кенимех киелім”, “Әкеңнен хабар алдың ба?” “Қызылқұдық” атты өлеңдерін жезтандай әнші Сайын Базаров, “Тауелібай” әнін жергілікті өнерпаз Дархан Баймұратов орындады. №1 мектеп оқушылары ақынның өлеңдерін жатқа айтып, келген жұртты жырмен сусындатты. Шара соңында ақынға аудан әкімінің алғыс хаты мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

Дархан даланы шығармашылығына қамтыған Наурызбай ақынның кеші ұлықтығын қарапайым болып келетініне тағы бір тәнті етті, сол ұлықтықты ұлықтаған ауылдастар бір сілкінгендей болды.

Гүлдана НАРЫНБЕТОВА,
Науаи облысы,
Кенимех ауданы.

Әсемдіктің астанасы

НҰРҒА БӨЛЕНГЕН НАМАНҒАН АСПАНЫ

Гүл — сұлулық пен нәзіктіктің, құндылық пен махаббаттың, құрметтің рәмізі. Гүлдер шаһары — Наманғанға келсеңіз, әр көше мен мекеме маңынан тазалық пен көркемдікті, гүлдердің жұпар иісін сезінесіз. Өйткені бұл қалада сұлулыққа деген сүйіспеншілік ерекше.

Наманған қаласында “Қоршаған ортаны қорғау және “жасыл” экономика жылы” мемлекеттік бағдарламасы аясында өткізілген 64-Халықаралық “Гүлдер фестивалі” бұрынғыдан да кең ауқымда өтті. Бұл бекер емес, өйткені “Өзбекстан — 2030” стратегиясында экологиялық мәселелер басты басымдықтардың бірі ретінде белгіленген.

Президент Шавкат Мирзиязев айтқандай, “Бұл мерекенің наманғандықтардың өміріне сіңіп, жақсы

дәстүрге айналуы тегін емес. Өйткені гүл мен хош иісті, сұлулықты сүйетін, ондай көркемдікті өз қолымен жасайтын адамдардың жүрегі де сұлу болады”.

Сұлулық пен әсемдікке ғашық наманғандықтар бұл жолғы үлкен шараға жан-жақты дайындалды. Өткен жылы фестивальге дайындық барысында облыс орталығында 45 миллион түп гүл көшеті отырғызылса, биыл бұл көрсеткіш 100 миллион түпке жеткізілді. Бұл игі іске Наман-



ған қалалық абаттандыру басқармасы мен облыстық гүл шаруашылығын дамыту орталығының жанқияр

қызметкерлері белсене атсалысты.

Дәстүр бойынша нәзіктік пен сұлулық мерекесі — “Наманған халықа-

ралық әуежайының” алдынан гүлдермен көмкерілген автопарадпен басталды. Жергілікті әкімдіктер, ұйымдар, махаллалар, кәсіпкерлер мен депутаттардың іс-әрекетімен безендірілген ерекше көліктер орталық көшемен жүріп өтіп, Захириддин Мухаммед Бабур атындағы мәдениет және демалыс бағы жанындағы алаңға келіп жетті. Онда 1960-1970 жылдардағы ретро-көліктерден бастап, заманауи электромобильдер мен скутерлер де халық назарына ұсынылды.

Фестивальдің салтанатты ашылу рәсіміне Еуропа Одағы елшілігі, Пәкістан Ислам Республикасы, Оман сұлтандығы, Жапония, Чехия, Иран Ислам Республикасы, Беларусь, Үндістан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан секілді жиырмаға жуық елдің дипломатиялық корпус өкілдері, шетелдік делегациялар, халықаралық серіктестер, мәдениет пен өнер өкілдері қатысты.

Наманған облысының әкімі Шавкат Абдураззоков жиналған мәртебелі қонақтарды, шетелдік және жергілікті саяхатшыларды ерекше мерекемен құттықтап, бұл жолғы фестиваль бұрынғыдан да креативті

өтіп, баршаға ерекше әсер сыйлайтынын атап өтті.

Биылғы гүлдер мерекесі аясында 150-ден астам халықаралық, республикалық және жергілікті деңгейдегі форумдар, мәдени-ағартушылық шаралар, бұқаралық спорт жарыстары ұйымдастырылады. Қонақтар Бабур бағы мен Давлатабад ауданындағы “Афсоналар водийси” тақырыптық паркінде жасалған көркем гүл композицияларынан ләззәт алады. Сонымен қатар “Жаңа Өзбекстан” бағының 45 гектар аумағында да гүлмен көмкерілген ерекше композициялар орнатылды.

64-Халықаралық “Гүлдер фестивалі” аясында бұл жолы саяхатшыларға арналған арнайы турпақеттер әзірленді. Олар Наманған облысының Поп, Янгикургон, Чуст, Косонсой, Чортқок аудандарындағы әсем табиғатты тамашалап, ерекше демалыс өткізе алады. Осы орайда, биыл фестивальге 750 мыңға жуық шетелдік және 6,5 миллионға жуық жергілікті саяхатшы келеді деп күтілуде.

О.ДАДАБОВЕ,
Өза-ның тілшісі.

1 июнь — Халықаралық балаларды қорғау күні

БАЛАЛАР – БІЗДІҢ БАҚЫТЫМЫЗ

Балдай тәтті балалық шақ жайлы сөз болған жерде бүкіл бала біткенді көгілдір экранның алдына жинайтын мультфильмдерді айналып өту мүмкін емес. Себебі мультфильмдерде балаға тән шынайылық, биязылық орын алған. Онда үлкенді-кішіні өзіне баурайтын тәрбие мен өнеге жайлы дүние мол. Айта кетерлік жайт, өз басым әлі де мультфильмді көргенде (оқта-текте болсын) кішкентайларға қосылып, қызыға қарайтыным бар.

Әрине, біздің бала кезімізде көрген мультфильмдеріміздің орны ерекше ғой. Ондағы әр деталь, әр іс-әрекет, тіпті айтылатын сөздер жаттанды болып кетсе де, көргіміз келетіні бар. Тіпті әлі де өз құрбы-құрдастарымыздың арасында кейбір мультфильм кейіпкерлерінің сөздерін, сол көрген, естіген калпында мысалы, “Куркаса журмат қилади”, “Энди орзунг ушалдими, ургилдим сени орзуингдан?”, “Овкатланаетганда хечнарсани зшитмайман”, тағы басқаларын әзіл-қалжың түрінде фраза етіп қолдануымыз әдетке айналған.

Ал қазірде жағдай мүлдем өзгеше, мультфильмдер де өзгерген, оны көріп жүрген жас балалардың да көзқарасы да мүлдем басқаша. Мүмкін қазірде теледидарды қаптаған мультфильмдердің саны көптігінен болар, балалардың тамашалайтын мультфильм ауқымы бұрынғыдай емес. Оның үстіне қазіргі күнде қойылып жүрген мультфильмдерді бұрынғыларымен салыстыруға келмейді. Бір байқағаным, қазіргі мультфильмнің басым бөлігі анимациялық болып, ондағы бояулар бұрынғыдай алуан түсті емес, табиғилықтан алшақ, жасанды 3-4 түрлі түстен құралады. Кейіпкерлері бәнес, машина, тағы басқа (көбінесе) жансыз заттардан тұрады. Қарап отырып жалығасын, дегенмен бүгінгі балалардың бұған қызығуы жоғары. Бұрынғы мультфильмдерді көре бермейді, қойып берсен, қызық емес дейді.

Қазір ойлап қарасак, бұрынғы мультфильмдердің тәрбие-лік мәні жоғары әрі басты орында тұрған. Баланы жаксы әдеттерге үндейтін іс-әрекеттермен қоса, сыртқы пішінінде карапайымдылық, балғын бояу, табиғилық, тіпті кейіпкерлердің маңындағы табиғат та шынайы-

ылыққа жанасымды етіп суреттеле-тін. Бастысы, сол кездегі балалар мультфильмдерді тамашалағанда қиял әлемге сүнгіп, оның шынымен бар екеніне сенетінбіз. Ал қазірше, қазір олай емес. Қазіргінің балалары да, олардың ойлау, пікірлеу қабілеті де мүлдем ерекше. Мұны күнделікті өмірде де, үйде немесе мектепте, балабақшада да көріп жүрміз.

Мысалы, “Қызыл телпек” ертегісін бала кезімізде бәріміз ертегі кітаптарынан оқыдық, мультфильмін де көріп өстік. Ондағы сюжетке сеніп, жыртқыш қасқырдың әжейді жеп қойғанына ренжісек, оны орманшылардың құтқарып алғанына қуанатынбыз. Яғни біз ертегілердің үнемі “мұрат-максатына жетіпті” деген соңғы қорытындысына үйренгенбіз. Ал жақында дәл осы мультфильмді көріп отырған үшінші сынып (орыс сыныбында оқиды) оқушысы Айдананың мамасына айтқан сөзі мынау болды.

— Мама, мына қыз қасқыр мен кемпірді ажырата алмайтын “тупой ма?” — дейді.

Тағы бір осыған ұқсас жағдай, үш жастан асқан Әділбектің көретін мультфильмі мүлдем ерекше екен. Дастарқанның басында тамақтана отырып, біраз әңгімелесіп те алдық. Манадан бері мән бермеген екенмін, бізбен бірге отырған Әділбек теледидарға көзін үзбей қарап отыр және бұл кәдімгі телеарналарда берілетін емес, теледидарға қосылған әлеуметтік желідегі мультфильм екен. Мультфильм шетелдікі, ондағы басты кейіпкерлер қой жануары туралы екен. Кой дегенін өзі жуас жануар ғой, “Қой аузынан шөп алмайтын” деген мақал-мәтел де жануардың жуастығына айтылса керек. Соған орай оның кейпі мультфильм мен ертегі-



лерде жуас адамдардың бейнесі ретінде сомдалады. Мені тандандырған нәрсе бұл емес, басқа, яғни мультфильм кейіпкерлері мүлдем сөйлемейтіні болды. Басынан соңына дейін үн-түнсіз ымдаумен жүреді екен. Әділбектің қалауымен дастарқан басына жиналғанда отбасы мүшелері де тек сол мультфильмді көретін көрінеді.

— Мына мультфильмнің орнына дыбысы бар, бір-бірімен тілдесетін басқа мультфильм қойындар дедім, сөйтсем: — Әділбек жылайды, — дейді төртінші сыныпта оқитын ағасы Ердоc.

— Жарайды, қой туралы бола қойсын деп, әлеуметтік желінің іздеу бөлігінен қазақ тіліндегі “Қошқар мен теке” мультфильмін тауып қойып бердік.

Біраз уақыт Әділбек те, одан үлкендері де қызығып көріп отырды. Көп өтпей Әділбек бұны көрмеймін дегендей, ынырып, жылауға өтті. Жас баланың айтқанын істемеске амал жоқ. Жаңағы үн-түнсіз мультфильмге қайта ауыстырдық.

Иә, әр үйде, әр отбасында осы сынды жағдайлар бар. Қазіргі анимациялық, оның үстіне жоғарыда айтқандай теледидарларды ым-ишаратпен тілдесетін мультфильмдер қаптап кеткені және қазіргі балалардың соларға деген қызығушылығына танданадасын әрі ойланасын. Үйде кішкентайларды еркелеп, сөзді жартылай айтқанда, әкем:

— Тілі шығып, былдырлап сөйлеуді бастаған балаға сөзді жарым-жартылай емес, толық әрі тынық айтындар, баланың

сөйлеу қабілетіне жақсы әсерін тигізеді деп жиі айтып жатады. Ал мынадай мүлдем сөйлемейтін мультфильмдер балаларға қалай әсер етеді десеңізші, оның оңды әсер етуі шамалы.

Қазірде балаларға арналған телеарналарда бұрынғы мультфильмдер беріліп жатады. Бірақ дерлік барлық балалар бұрынғыларын емес, қазірге түсініксіз, мән-мағынасыз мультфильмдерге өш. Қызығулары да бұрынғының балаларындай емес. Мысалы, біздің бала кезімізде мультфильм деген қазіргідей таңертеннен кешке дейін қойылмайтын. Тек таңертен “Өзбекстан” телеарнасының “Ассалом Өзбекстан” бағдарламасында 5-10 минуттың шамасында ұсынылатын. Таңертен мультфильмді көріп, күн мектепке баратынбыз. Ал кешқұрым “Кешкі ертегілерде” де дәл солай, азғана уақытта берілетін мультфильмді асыға күтетінбіз. Біз үшін көп ұсынылатын мультфильм жексенбі демалыс күндері “Камалак” (бағдарламаны Өзбекстан Халық әртісі Хайрулла Саъдийе балалармен бірге жүргізетін) деген балаларға арналған бағдарламада болатын. Ал ұзыннан-ұзақ мультфильмдер жаңағы айтқан таңертен немесе кешқұрым бөліп-бөліп, сериал түрінде қойылатын. Барша-мыз сол кез көгілдір экран алдына жиналып, үндемей тамашалайтынбыз. Бәлкім, біздің бал дәуірен балалық шағымыздың қызықты өтуінде осы сын-ды мөлшері белгіленген, уақытылы берілетін мультфильмдердің да орны бар шығар.

Жалпы айтқанда, бүгінгі заманның, бүгінгі қоғамның балалары өзгеше. Оны бір сөзбен жеткізуге болмайды. Олардың дүниетанымын да, көзқарасын да бұрынғымен салыстыруға келмейді. Тіпті сөйлеген сөздері де басқаша. Кейде кішкентай баланың үлкендерге қойған сұрағына, айтқан ойларына танданасын. Тура бір үлкен адамды кішірейтіп қойғандай немесе біреу үйреткендей сөйлейді.

Бұрынғыдай, біз секілді, әлі пісіп үлгірмеген көк тәуше мен көк алманы жеймін деп ағашқа да асылмайды. Қолдан жасалған ағаш атты мініп шаппайды, күні бойы жалаң аяқ жүріп, көшені шаңғытып кешке дейін ойнамайды. Ол аздай, біз көріп өскен мультфильмдер жайлы айтқан пікірі анадай. Осыларды ойлап бүгінгі балалар ақылды, бәрін көріп-біліп туылған-ау дейсің. Осындай сәттерде бір жасы үлкен әріптесімнің

“Ақыр заман балаларының бойы аласа келеді, Сөйлегенде тілдері тамаша келеді” — деп айтқан мақал-мәтелі еріксіз еске оралады.

“Барлық нәрсе заманына қарай” дегені осы шығар. Кезінде бала күнімізде біз де үлкендер үшін осындай ерекше бала болған шығармыз. Сол кезде олар да бізге осылай таңырқай отырып “аман болсын” дегені анық ғой. Сол демекші, өмірдің қызығы, адамның бауыр еті, көз нұры, болашағы, өмірінің жалғасы болған балалар қашанда аман болсын, бақытты болсын!

(Өз тілшімізден.)

Жаңалықтар

ТІЗБЕККЕ ҚОСЫЛДЫ

Науаи облысындағы “Navbahor Tekstil” мақта тоқымашылық кластері Испанияның әлемге әйгілі “Inditex Group” компаниясының өндіріс тармағына ресми қосылды. Бұл жергілікті өнеркәсіптің тоқымашылық өнімдерін жеткізіп беретін халықаралық өнеркәсіп тізбегіне жалғанғанын дәлелдейді.

Ендігі жерде “Inditex Group” тапсырыстарының белгілі бөлігі кластер кәсіпорындарында өндіріледі. Ал бұл кәсіпорында өндіріс көлемінің артуына, көптеген жұмыс орындарының ашылуына, жоғары құнды экспортқа сай өнімдердің көбеюіне қызмет етеді. “Navbahor Tekstil” ЖШҚ тоқымашылық саласында

2007 жылдан бері қызмет көрсетіп келе жатып, еліміздің 4 облысында заманалық өндіріс қуаттарына ие. Ол жерлерде 2000-нан астам адамның жұмысбастылығы қамтамасыз етілген. Өткен кезең аралығында 10-нан астам ірі халықаралық ынтымақтастармен тең мүдделі байланыстар орнатқан.

ПАЙДАЛАНУҒА КІРГІЗІЛДІ

Сырдария облысында ұзақ жылдар барысында егін егілместен ауыл шаруашылығы айналымынан шығып кеткен 19 мың 687 гектар жер қайта пайдалануға тапсырылды.

Бүгінге дейін Хавас, Сардоба, Мирзаобод, Баяуыт аудандарындағы осындай жерлерден жалпы 12 мың гектары сүдігерленіп, ауыл шаруашылығы егіндері, сондай-ақ шит егілді.

(Өз тілшімізден.)

Тілсіз жау

ҚАУІПСІЗДІК ҮШІН ЖАУАПТЫМЫЗ

Үстіміздегі жылғы 20 майдан 20 июньге дейін республикамызда “Өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша көкейтесті 30 күндік шаралары” өтуде. Осы шаралар аясында әр азамат өз үйінде, отбасында, жұмыс орнында, сондай-ақ қоғамда қауіпсіздіктің қамтамасыз ету бойынша жауапты саналады. Яғни, үйде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көшеде және табиғатқа ықтияттылық, төтенше жағдайларға дайындық, балалармен жұмыс жүргізу, сондай-ақ қоғамдағы белсенділік. Атапқан шараларға азаматтардың белсенді қатысуы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Д.ШЕРАЛИЕВ, Ташкент қалалық ТЖБ Өзбекстан Кәсіподақ ұйымы сарайы ғимаратында ОҚТҰБ-ның аға инспекторы.

Жарнама

“SURXON SAVDO INVEST” МҶЖ ochiq aukcion savdolariga taklif etadi

2025 yil 31 may kuni soat 11:00 da Termiz shahri "I.Karimov" ko'chasi 162-uy 1-xonadon ochiq aukcion komissiyasi ishtirokida mulkning boshlang'ich bahosi qadam va qadam oshishi tartibida o'tkaziladigan ochiq aukcion savdosiga quyidagi Surxondaryo viloyati sog'liqni saqlash boshqarmasi 2-maxsus tibbiyot omborxonaga tegishli bo'lgan avtotransport vositalari qo'yilmoqda.

1. 2010 yilda ishlab chiqarilgan 75/427 XAA, davlat raqamli texnik ta'mirtalab xolatdagi "NEXIA" rumumli avtotransport vositasining boshlang'ich baxosi: 6 812 000 (olti million sakkiz yuz o'n ikki ming) so'm.

2. 1998 yilda ishlab chiqarilgan 75/809 GAA, davlat raqamli texnik ta'mirtalab xolatdagi "DAMAS" rumumli avtotransport vositasining boshlang'ich baxosi: 2 801 000 (ikki million sakkiz yuz bir ming) so'm.

3. Surxondaryo viloyat ixtisoslashtirilgan majburiy davolash narkologiya shifoxonasini davlat muassasasiga tegishli bo'lgan 1998 yilda ishlab chiqarilgan 75/357 EAA, davlat raqamli texnik ta'mirtalab xolatdagi "DAMAS" rumumli avtotransport vositasining boshlang'ich baxosi: 2 200 000 (ikki million ikki yuz ming) so'm.

Yuqoridagi mulkni 2025 yil 31 may kuni aukcion savdosida sotilmagan taqdirda, yoki savdo g'olibi belgilangan muddatda shartnoma imzolashdan bosh tortishi shartnoma imzolagandan so'ng shartnoma shartlari bajarilmasa takroriy aukcion savdolari xar xaftaning payshanba kunlari soat 11:00 da bo'lib o'tishini oldindan ma'lum qilamiz.

Avtotransport vositalari bilan Surxondaryo viloyati sog'liqni saqlash boshqarmasi 2-maxsus tibbiyot omborxona xamda Surxondaryo viloyat ixtisoslashtirilgan majburiy davolash narkologiya shifoxonasi davlat muassasasi xodimlari ishtirokida bevosita joyiga chiqib tanishishlari mumkin.

Aukcion savdosiga qatnashish uchun jismoniy shaxslardan pasport nusxasi, yuridik shaxslardan ta'sis xujjatlari, agar vakolatli shaxs katnashsa urnatilgan tartibda belgilangan ishonchnoma takdim kilishi lozim.

Aukcion savdosida qatnashish uchun xaridorlar zakalat puli to'g'risida kelishuvni imzolab, zakalat pulini to'lgan xaridorlardan arizalarni kabul kilish savdo boshlanishidan 2 (ikki) soat oldin to'xtatildi.

Talabgorlar "Zakalat puli to'g'risidagi kelishuv"ni imzolagandan so'ng obyekt boshlang'ich bahosining 15 foizdan kam bo'lmagan miqdorida zakalat pulini to'laydi. "SURXON SAVDO INVEST" mas'uliyati cheklangan jamiyatiyning X/r: 2020 8000 1005 1270 9001. INN: 303477661 XAB "Trastbank" Termiz filiali MFO: 01063 hisob raqamiga to'lashlari va quyidagi hujjatlarni ikki nusxada topshirishlari kerak: jismoniy shaxslar pasport nusxasi, zakalat puli to'lganligi xaqida to'lov hujjati, vakolatli shaxs qatnashsa o'rnatilgan tartibda rasmiylashtirilgan ishonchnoma. Qo'shimcha ma'lumotlar olish manzili: Termiz shahri "I.Karimov" ko'chasi 162 uy 1-xonadon. Telefon: +998 (76) 221-90-36.

Guvoхnoma № 903

Сот залынан

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІ — ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Сотталушы Норбердиев Мадминбек Мухтарович 2025 жылғы 20 февраль күні сағат шамамен 17:30-да азамат Темиров Ботирали Шукуровичке тиесілі “Дамас” маркалы автокөлікті жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзып, Науаи қаласы М.Тараби көшесінде орналасқан “Медиапарк” сауда орталығының автотұрағында, №2 азық-түлік сататын дүкеннің қарсысында жаяу жүріп бара жатқан азамат Саимова Матлуба Абдураимовнаға “орташа ауырлықтағы дене жарақатын” жасап, көлікке зақым келтірген.

Сот отырысында сотталушы М.Норбердиев кінәсін толық мойындап, сот отырысында татуласу туралы өтінішін қолдап, істеген ісінен өкінгенін, ісінің салдарын түсінгенін, жәбірленуші мен азаматтық талапкерге келтірілген материалдық және моральдық шығынды толық өтегенін, қазіргі уақытта жәбірленуші мен азаматтық талапкермен татуласқанын айтып, қылмыстық істі тоқтатуды сұрады.

Жәбірленуші М.Саимова сот отырысында татуласу туралы өтінішін қолдап, сотталушы М.Норбердиев пен татуласқанын, сотталушы оған келтірілген материалдық және моральдық шығынды толық өтегенін, оған қарсы ешқандай талап-арызы жоқтығын, өтінішті өз еркімен жазғанын, оған қандай да бір қысым болмағанын, татуласуды сот бекіткеннен кейін туындайтын құқықтық салдарды түсінгенін айтып, қылмыстық істі тоқтатуды сұрады.

Сот жоғарыда көрсетілген заң нормаларына сәйкес, сотталушы М.Нор-

бердиев, жәбірленуші М.Саимова және азаматтық талапкер Б.Темиров тарапынан ұсынылған татуласу туралы арыздарын қылмыстық іс құжаттарымен бірге зерделеп, қорғаушы Б.Сайфиев пен Тамды аудандық прокуратураның көмекшісі А.Холиковтың қылмыстық істі татуласуына байланысты тоқтату туралы пікірін тыңдап, сотталушы М.Норбердиевтің өз еркімен кінәсін мойындағанын және келтірілген зиянның толық өтелгенін, сотталушыға, азаматтық талапкерге және жәбірленушіге қандай да бір қысым болмағандығына сәйкес істі тоқтатады. Жауапкер М.Норбердиев қатысты жүргізілген қылмыстық істі татуласуына байланысты тоқтатылып, оған қатысты қолданылған “тиісті мінез-құлық туралы” қолхаттың сақтық шарасы жойылды.

А.МИРЗАЕВА, қылмыстық істер бойынша Тамды аудандық сотының төрағасы.

